

ТӘУЕЛСІЗДІК ТАНЫ

Тәуелсіздік — кез-келген мемлекеттің басты байлығы.

Қазақстан үшін 1986 жылғы желтоқсандағы оқиғалар

халықтың егемендікке, өзін-өзі анықтауға деген

ұмтылышының бастамасы болды. 1991 жылы 16

желтоқсанда ҚР Жоғарғы Кеңесі «ҚР Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң қабылдады.

Биыл біз «Қазақстан Республикасы» деп аталатын басты

ұлттық мерекенің, Тәуелсіздік күнінің, егемен мемлекеттің

құрылышының 31 жылдығын атап өттік. Қазақстан тәуелсіздік

жылдарында халықаралық аренада танымал өркендерген, дамушы елге айналды.

Тәуелсіздік Қазақстан алдында жаңа мүмкіндіктер ашты. 31 жыл ішінде халықтың өмір сүру деңгейі өсті, мындаған өлеуметтік нысандар, меншікті валюта, банк жүйесі пайда болды. Жаңа Астана салынды, барлық өнірлердің инфрақұрылымы жақсарды. Бұл үлкен жолдың кішкене бөлігі ғана.

Бүгін Қазақстан


«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын шындықта айналдыруға, қоғамға есеп беретін кәсіби мемлекет болуға ұмтылатын экономикалық өлеуеті бар көпүлтты, қарқынды дамып келе жатқан ел болып табылады.

Еліміздің түкпір-түкпірінде тарихи мәдени мұра қазіргі заманда ерекше ресурс ретінде қайта жандануда. Патриоттық тәрбие «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру шенберінде білім алушылардың азаматтық санасын қалыптастыру бойынша кафедра қызметінің негізгі бағыттарының бірі

болып табылады. Оның мақсаты жастарды патриотизм мен азаматтыққа, өз Отанына деген сүйіспеншілікке, Қазақстан халықтарының тарихи өткені, бүгін мен жарқын болашағы үшін таңданыс пен мақтанышқа тәрбиелеу, шығармашылық және зияткерлік қабілеттерін дамыту болып табылады.

Өздерініз байқагандай, қоғамдық сананы жаңғыру бағыттарының бірі кафедраның білім алушыларына патриоттық сезімді қалыптастыру жөніндегі жұмысы болып табылады. Патриотизм өз жеріне, ауылна, қаласына, кіші отанына деген сүйіспеншіліктен басталады.

Үнемі кеңеіе отырып, туыстарына деген сүйіспеншілік, өз мемлекеттіне, оның тарихына, өткені мен бүгініне, содан кейін бүкіл адамзатқа деген сүйіспеншілікке ауысады. Бүгін біз көп нәрсеге басқаша қарай бастадық. Қөшпілік, өкінішке орай, халық мәдениеті сияқты өте үстірт таныс деп айтуга болады. Қазіргі адамның



өз халқының мәдениетімен жоғалған байланыстарын қалпына келтіру қажеттілігі айқын. Бұл мәселені шешуде жастардың алатын орны ерекше. Жастарымыздың туған жерін, ұлттық салт-дәстүрін, өдөт-тұрпын, мәдениетін, тарихын танып-білуге, суюге үстаз болмаса, кім көмектеседі. Шәкірттерінің санасына халық мәдениетінің тасымалдаушылары екенін жеткізу, білім алушыны ұлттық салт-дәстүрге тәрбиелеу қажет. Жастарымызды ұлттық мәдениетпен таныстыру міндетін қоя отырып, бұл білім алушыны халықтың рухани мәдениетінің маңызды бөлігімен, оның тарихымен таныстыру болатынын түсінеміз.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы мемлекеттің барлық салаларын сапалы қайта құру үшін негіз болуға арналған идеялық платформаға айналды. Бағдарламаны іске асырудың арқасында қазақстандық мәдениет жаһандық өлемде кеңінен ұсынылған. Бағдарламаны сәтті және белсенді іске

асыру бүгінгі күнге дейін жалғасуда.

Осылан орай, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ҚР Тәуелсіздік күнін мерекелеу құрметіне біздің «Заманауи педагогика және психология» кафедрасында келесі іс-шараны тәлімгерлері мен «Педагогика және психология», «Практикалық психология», «Психология және медиация» білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылармен бірге «Саяси күгін-сүргін құрбандары мұражайына» экскурсия үйімдастырып, өткізді. Тәлімгерлер мен студенттердің атынан мұражай қызметкерлеріне және мұражайдың түнис — тіршілігімен таныстырган мұражай эксперсоводтарға үлкен алғысымызды білдіреміз.

Нұрханова Гульмира Баҳтияровна,
Бегалиева Лейла Жанаталиевна
М.Әуезов атындағы ОҚУ-дің
«Заманауи педагогика және
психология» кафедрасының
ага оқытушылары